

**ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«АҚ НИЕТ» МЕКТЕП – ИНТЕРНАТЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ**

Мекен - жайы: Өскемен қаласы, Севастопольская көшесі, 6/2, индекс: 070010
8 (7232) 54-48-21, e-mail: internataknet@mail.kz, internataknet@mail.ru

**ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН АРНАЙЫ
БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНА ТӨМЕНДЕГІ ЛАУАЗЫМДАР БОЙЫНША БОС
ОРЫНҒА КОНКУРС ЖАРИЯЛАНАДЫ:**

*** БЕЙІМДІК ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ ЕДШ нұсқаушысы-1,0 МӨЛШЕРЛЕМЕ**

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе тиісті мамандық бойынша жоғары білім, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды немесе тиісті мамандық бойынша техникалық және кәсіптік білім, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды;

және (немесе) біліктіліктің жоғары деңгейі болған кезде педагог-шебер үшін мамандық бойынша жұмыс өтілі-6 жыл;

және (немесе) біліктіліктің орта немесе жоғары деңгейі болған кезде: педагог-модератор үшін кемінде 3-4 жыл, педагог-сарапшы үшін кемінде 4-5 жыл, педагог – зерттеуші мамандығы бойынша жұмыс өтілі үшін кемінде 5-6 жыл.

Ескертпе:

"Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына сәйкес кәсіби құзыреттерін айқындай отырып ("педагог", "педагог-модератор", "педагог-сарапшы", "педагог-зерттеуші", "педагог-шебер") біліктілікке қойылатын талаптар

Негізгі лауазымдық міндеттері:

- Дене тәрбиесінің бағдарламасы мен әдістемелеріне сәйкес білім алушыларды, тәрбиеленушілерді оқыту бойынша жұмыс жүргізеді, бекітілген бағдарламалар мен әдістемелер бойынша бейімделген дене шынықтыру бойынша сабақ өткізу жоспарларын әзірлейді;

- емдік, бейімделгіш және гигиеналық гимнастикамен жеке және топтық сабақтар өткізеді; балалардың жасын, дайындығын, жеке және психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып, бейімделгіш дене шынықтыру бойынша топтық немесе жеке сабақтың міндеттері мен мазмұнын айқындайды;

- оқушыларды, тәрбиеленушілерді дене жаттығуларын орындау дағдылары мен техникасын меңгеруге үйретеді, олардың адамгершілік-еріктік қасиеттерін қалыптастырады;

- дене шынықтыру сабақтары мен спорттық іс-шараларды өткізу кезінде білім алушылардың, тәрбиеленушілердің толық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығына жауап береді;

- дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсетеді;

- медицина қызметкерлерімен бірлесіп балалардың денсаулық жағдайын бақылайды және олардың дене белсенділігін реттейді; бейімделу және емдік дене шынықтырумен айналысу кезінде дене дамуын, дене еңбегіне қабілеттілігін, сыртқы тыныс алу функциясын, жүрек-қантамыр жүйесін, жүйке-бұлшықет аппаратын бағалауды жүргізеді; сабақ өткізу кезінде олардың жай-күйін, сондай-ақ сабақ өткізілгенге дейін және одан кейін тәрбиеленушілердің әл-ауқатын бақылауды жүзеге асырады;

- салауатты өмір салтын насихаттайды;

- тәрбиешілермен, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің ата-аналарымен тығыз байланыста жұмыс істейді;

- белгіленген құжаттама мен есептілікті жүргізеді;
- бейімделу және емдік дене шынықтыру сабақтарын өткізу орнын, гимнастикалық заттар мен снарядтарды дайындайды; сабақ басталғанға дейін спорт объектілері мен техникалық жарамдылығын бақылайды, ақау туындаған кезде оларды пайдалануға тыйым салады;
- бейімделгіш және емдік дене шынықтырумен топтық және жеке сабақтарға арналған залдардың жұмысын ұйымдастыруға қойылатын санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;
- жаттығуларды орындау, спорттық құрал-саймандарды пайдалану, спорттық (қозғалмалы) ойындарға қатысу кезінде қауіпсіздік техникасының негіздері бойынша нұсқамалар өткізеді;
- бейімделгіш дене шынықтырумен айналысу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша кеңес береді, бейімделгіш дене шынықтыру мен спорттағы жарақаттанудың алдын алу саласындағы озық тәжірибені зерделейді және жинақтайды;
- дәрігердің тағайындауы бойынша емдік массаждың жекелеген түрлерін жүргізеді;
- дәрігермен бірлесіп емдік гимнастика схемаларын және дене жаттығуларының кешендерін әзірлейді, дене шынықтырумен функционалдық сынамалар жүргізеді;
- қызметтік және педагогикалық әдеп нормаларын сақтайды;
- өртке қарсы қауіпсіздік және қауіпсіздік техникасы ережелерін, санитарлық-эпидемиологиялық режимді сақтайды;
- әдістемелік бірлестіктердің, мұғалімдер қауымдастығының, әдістемелік, педагогикалық кеңестердің, желілік қауымдастықтардың отырыстарына қатысады.

Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Бала құқықтары туралы конвенцияны", Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы", "Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарын, "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" және білім беру, дене шынықтыру және спорт, оқушыларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша басқа да нормативтік құқықтық актілер, педагогика, психология негіздері; спорттық медицина, медициналық бақылау негіздері және дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету тәсілдері; спорт объектілерінде жұмыстарды орындаудың қауіпсіз әдістері мен тәсілдері; спорт ғимараттарын, жабдықтар мен спорттық техниканы пайдалану қағидалары; ақпаратты жинау және бастапқы өңдеу әдістері; салауатты өмір салтын ұйымдастыру негіздері; консультация беру әдістерін, бейімделген дене шынықтыру және спорт бойынша әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың теориялық негіздері; бейімделетін дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі; дене функцияларының әртүрлі бұзылулары кезінде бейімделгіш дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастырудың заманауи әдістемелері; бейімделгіш дене шынықтыру сабақтарын өткізуге көрсеткіштер мен қарсы көрсеткіштер; барлық жастағы топтардың мүмкіндіктері шектеулі адамдарға қатысты педагогикалық әсерлердің түзету-дамыту бағыттылығы қағидалары; жас физиологиясы, анатомиясы, мектеп гигиенасы; әртүрлі жастағы балаларды жүзуге үйрету, судағы мінез-құлық; дене тәрбиесі әдістемесі, тәрбие жұмысының әдістемесі, білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғау қағидалары, дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын өткізу кезінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптар; бағдарламалар мен оқулықтар, оқу кабинетін жарақтандыруға және жабдықтауға қойылатын талаптар; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрттен қорғау жөніндегі қағидалар, санитариялық қағидалар мен нормалар.

Еңбекке ақы төлеу

"Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады, мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істегені үшін БЛА-дан 40% қосымша ақы белгіленген.

*** ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ-1,0 МӨЛШЕРЛЕМЕ**

Біліктілікке қойылатын талаптар: "Педагогика және психология" бағыты бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе бейіні бойынша жоғары медициналық білім, жұмыс өтіліне талап қойылмайды;
және (немесе) біліктілігінің жоғары немесе орта деңгейі болған кезде мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін кемінде 3 жыл, педагог-сарапшы үшін кемінде 4 жыл, педагог-зерттеуші үшін кемінде 5 жыл;
және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған кезде мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-шебер үшін кемінде 5 жыл.

Ескертпе:

"Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына сәйкес кәсіби құзыреттерін айқындай отырып ("педагог", "педагог-модератор", "педагог-сарапшы", "педагог-зерттеуші", "педагог-шебер") біліктілікке қойылатын талаптар

Негізгі лауазымдық міндеттері:

- оқушылардың психологиялық және әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз етуге және қалыпқа келтіруге, олардың әртүрлі өмірлік жағдайларда әлеуметтік-психологиялық бейімделу қабілетін дамытуға, сондай-ақ кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелерінде көмек көрсетуге бағытталған қызметті жүзеге асырады;
- білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагог қызметкерлердің және оқушылардың ата-аналарының немесе оларды алмастыратын тұлғалардың психологиялық мәдениетін қалыптастырады;
- инклюзивтілік қағидатын іске асыруға жәрдемдеседі және білім беру процесіне қатысушылардың барлығының мінез-құлқының толерантты мәдениетін қамтамасыз етеді;
- буллинг, суицидтің алдын алу бойынша жұмыс жүргізеді; білім алушылар, тәрбиеленушілер, педагогтар және басқа да қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, Академиялық адалдық қағидаттарын бойына сіңіреді;
- әртүрлі бейіндегі және мақсаттағы психологиялық диагностика жүргізеді;
- ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауға қатысады және оның негізінде оқушылардың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, дамыту бағдарламаларын, сондай-ақ педагог-ассистенттің жүзеге асыруы үшін балалардағы проблемалық мінез-құлықты жеңу бағдарламаларын әзірлейді;
- әртүрлі психологиялық проблемалары бар балаларға, оның ішінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға консультациялар, жеке, кіші топтық және топтық дамыту сабақтары түрінде психологиялық көмек көрсетеді; дарынды білім алушыларға психологиялық қолдауды жүзеге асырады;
- нақты психологиялық мәселелерді шешуде ата-аналарға, мұғалімдерге, мамандарға консультациялық көмек көрсетеді;

- педагогикалық ұжымға, сондай-ақ оқушылардың ата-аналарына немесе оларды алмастыратын тұлғаларға білім алушылардың тұлғалық және әлеуметтік даму мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында зерттеу жұмыстарының материалдары бойынша психологиялық талдауды жүзеге асырады;

Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңдарын және білім беру мәселелері жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілерді; жеке тұлғаның психологиясын, балалар мен жас ерекшелігіне қарай әлеуметтік, медициналық психологияны, балалар нейропсихологиясын, патопсихологиясын, психосоматикасын; педагогикалық әдеп нормаларын; дефектология, психотерапия, психология негіздерін, сексология, психогигиена, кәсіптік бағдар, мамандану және еңбек психологиясы, психодиагностика, психологиялық кеңес беру және психопрофилактика; белсенді оқыту, әлеуметтік-психологиялық қарым-қатынас әдістері; жеке және топтық консультацияның, баланың дамуын диагностикалау мен түзетудің заманауи әдістері, еңбек заңнамасының негіздері, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау ережелері, санитарлық ережелер мен нормалар.

Еңбекке ақы төлеу

"Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады, мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істегені үшін БЛА-дан 40% қосымша ақы белгіленген.

Жұмыс тәртібі: 5 күндік оқу аптасы режимінде, кестеге сәйкес апталық жүктеме 36 сағ.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға **хабарландыру жарияланған соңғы күннен бастап 7 жұмыс күні ішінде internatakniyet@mail.kz** электрондық поштаға немесе Өскемен қаласы, Севастопольская көшесі, 6/2 мекенжайы бойынша **«Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату Ережесінің» ҚР БҒМ 2021 жылғы 19 қарашадағы № 568 бұйрығының** қосымшаларына сәйкес құжаттарды жолдайды.

Мемлекеттік білім беру
ұйымдарының бірінші
басшылары мен педагогтерін
лауазымға тағайындау,
лауазымнан босату
қағидаларына 10-қосымша

Нысан

(Мемлекеттік орган, конкурс жариялаған)

Кандидаттың Т. А. Ә, (бар болған жағдайда), ЖСН

(лауазымы, жұмыс орны)

Нақты тұратын жері, тіркелген мекенжайы, байланыс телефоны

Өтініш

Мені бос / уақытша бос лауазымды орынға орналасуға арналған конкурсқа жіберуіңізді сұраймын (керегінің астын сызу)

білім беру ұйымдарының атауы, мекенжайы (облыс, аудан, қала / ауыл)

Қазіргі уақытта жұмыс істеймін

лауазымы, Ұйымның атауы, мекенжайы (облыс, аудан, қала / ауыл)

Өзім туралы мынадай мәліметтерді хабарлаймын:

Білімі: жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі

Оқу орнының атауы	Оқу кезеңі	Диплом бойынша мамандығы

Біліктілік санатының болуы (берген (растаған) күні):

Педагогикалық жұмыс өтілі: _____

Келесі жұмыс нәтижелерім бар: _____

Марапаттары, атақтары, дәрежесі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы,
сондай-ақ қосымша мәліметтер (бар болса)

- 2) жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
- 3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондарын көрсету тиіс – бар болса);
- 4) педагогтердің Үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері; ;
- 5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);
- 6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;;
- 7) психоневрологиялық ұйымнан анықтама;
- 8) наркологиялық ұйымнан анықтама;
- 9) ұлттық біліктілік тестілеу сертификаты (бұдан әрі - ТБЖ) немесе педагог-модератордың, педагог-сарапшының, педагог-зерттеушінің, педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса);
- 10) қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың өзі толтырған бағалау парағы.

Кандидат, бар болған жағдайда біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпарат (біліктілігін арттыру, ғылыми/академиялық дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми немесе әдістемелік жарияланымдар, біліктілік санаттары туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсынады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- 7-тармақта көрсетілген құжаттардың біреуінің болмауы кандидатқа құжаттарды қайтару үшін негіз болып табылады.
- конкурсқа қатысуға құжаттарды қабылдау конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған соңғы күннен бастап 7 жұмыс күні ішінде жүргізіледі.
- түйіндемені internatakniyet@mail.kz электронды поштасына "Түйіндеме" белгісімен жіберуге болады. Толтырылған құжаттар мектеп-интернаттың кадрлар бөліміне жеткізілуі тиіс.

Мемлекеттік білім беру
ұйымдарының бірінші
басшылары мен педагогтерін
лауазымға тағайындау,
лауазымнан босату
қағидаларына 11-қосымша

Нысан

Педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың бағалау парағы

(Т.Ә.А. (болған жағдайда))

№	Өлшемшарттар	Растайтын құжат	Балл саны (1-ден 20-ға дейін)
1.	Білім деңгейі	Білімі туралы диплом	Техникалық және кәсіптік = 1 Жоғары күндізгі = 5 жоғары сырттай / қашықтықтан оқыту = 2 жоғары білім туралы үздік диплом = 7
2.	Ғылыми академиялық дәрежесі	Білімі туралы диплом	Магистр немесе жоғары білімі бар маман = 5 PhD-докторы = 10 Ғылым докторы = 10 Ғылым кандидаты = 10
	Ұлттық біліктілік тестілеуі	Сертификат	"Педагог" біліктілік санатымен Мазмұны бойынша: 50-ден 60-қа дейін = 0 балл 60-тан 70-ке дейін = 2 балл 70-тен 80-ге дейін = 5 балл 80-нен 90-ға дейін = 6 балл Әдістеме және педагогика бойынша: 30-дан 40-қа дейін = 0 балл 40-тан 50-ге дейін = 1 балл 50-ден 60-қа дейін = 2 балл 60-тан 70-ке дейін = 3 балл "Педагог-модератор" біліктілік санатымен Мазмұны бойынша: 50-ден 60 балға дейін = 0 балл 60-тан 70 балға дейін = 3 балл 70-тен 80 балға дейін=6 балл 80-ден 90 балға дейін=7 балл Әдістеме және педагогика бойынша: 30-дан 40 балға дейін=0 балл 40-тан 50 балға дейін=2 балл 50-ден 60 балға дейін=3 балл 60-тан 70 балға дейін=4 балл

			<p>"Педагог-сарапшы" біліктілік санатымен Мазмұны бойынша: 50-ден 60 балға дейін=0 балл 60-тан 70 балға дейін=4 балл 70-тен 80 балға дейін=7 балл 80-нен 90 балға дейін=8 балл Әдістеме және педагогика бойынша: 30-дан 40 балға дейін=0 балл 40-тан 50 балға дейін=3 балл 50-ден 60 балға дейін=4 балл 60-тан 70 балға дейін=5 балл "Педагог-зерттеуші" біліктілік санатымен Мазмұны бойынша: 50-ден 60 балға дейін=0 балл 60-тан 70 балға дейін- 5 балл 70-тен 80 балға дейін=8 балл 80-нен 90 балға дейін=9 балл Әдістеме және педагогика бойынша: 30-дан 40 балға дейін=0 балл 40 - тан 50 балға дейін=4 балл 50-ден 60 балға дейін=5 балл 60-тан 70 балға дейін=6 балл "Педагог-шебер" біліктілік санатымен - 10 балл</p>
3.	Біліктілігі/Санаты.	Қуәлік, өзге де құжат	<p>2 санат-1 балл 1 санат -2 балл Жоғары санатты-3 балл Педагог-модератор-3 балл Педагог-сарапшы = 5 балл Педагог- зерттеуші = 7 балл Педагог-шебер = 10 балл</p>
4.	Педагогикалық қызмет өтілі	еңбек кітапшасы / еңбек қызметін алмастыратын құжат	<p>1 жылдан 3 жылға дейін = 1 3 жылдан 5 жылға дейін = 1,5 5 жылдан 10 жылға дейін = 2 10 жылдан және одан артық = 3</p>
5.	Әкімшілік және әдістемелік қызмет тәжірибесі	еңбек кітапшасы / еңбек қызметін алмастыратын құжат	<p>әдіскер= 1 балл директор орынбасары= 3 балл директор = 5 балл</p>
6.	Жұмысқа алғаш кіріскен педагогтар үшін	Білім туралы дипломға қосымша	<p>Педагогикалық/кәсіптік практика нәтижелері "өте жақсы" = 1 балл "жақсы" = 0,5 балл</p>
7.	Алдыңғы жұмыс орнынан ұсыныс хат (еңбек қызметін жүзеге асыру кезінде)	Хат	<p>Оң ұсыныс хаттың болуы = 3 балл Ұсыныс хат болмаған жағдайда – минус 3 балл Теріс ұсыныс хаттың болуы = минус 5 балл</p>

8.	Кәсіби жетістіктердің көрсеткіштері	<p>- білім алушылардың дипломдары, олимпиадалар мен конкурстар жеңімпаздарының грамоталары, ғылыми жобалары;</p> <p>- мұғалімдер мен олимпиадалар жеңімпаздарының дипломдары, грамоталары;</p> <p>- мемлекеттік награда</p>	<p>олимпиадалар мен конкурстардың жүлдегерлері-0,5 балл</p> <p>ғылыми жобалар-1 балл</p> <p>олимпиадалар мен конкурстардың жүлдегерлері-3 балл</p> <p>"Үздік педагог" конкурсының қатысушысы-1 балл</p> <p>"Үздік педагог" конкурсының жүлдегері – 5 балл</p> <p>медаль "Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы" - 10</p>
9.	Әдістемелік қызмет	- авторлық жұмыстар және жарияланымдар	<p>ҚР БҒМ тізбесіне енгізілген оқулықтардың және (немесе) ОӘК авторы немесе тең авторы – 5 балл</p> <p>РОӘК – 2 тізбесіне енгізілген оқулықтардың және (немесе) ОӘК авторы немесе тең авторы БҒССҚЕК, Scopus – 3 тізбесіне енгізілген ғылыми-зерттеу қызметі бойынша жарияланымның болуы</p>
10	Қоғамдық-педагогикалық қызмет	<p>- көшбасшылық</p> <p>- көптілділікті жүзеге асыру</p>	<p>тәлімгер-0,5 балл</p> <p>ӘБ жетекшілігі -1 балл</p> <p>кәсіби-педагогикалық қауымдастық көшбасшысы – 1 балл</p> <p>2 тілде оқыту, орыс/қазақ – 2 балл</p> <p>Шетел/орыс, шетел/қазақ – 3 балл</p> <p>3 тілде оқыту (қазақ, орыс, шетел) – 5 балл</p>
11	Курстық дайындық	<p>- пәндік дайындық сертификаттары;</p> <p>- цифрлық сауаттылық сертификаты, ҚАЗТЕСТ, IELTS; TOEFL; DELF; Goethe Zertifikat, "Python-да бағдарламалау негіздері", "Microsoft-пен жұмыс істеуді оқыту" бағдарламалары бойынша оқыту</p>	<p>НЗМ ПШО, "Өрлеу" курстары – 0,5 балл</p> <p>курстар - 0,5 балл (әрқайсысы жеке)</p>
Барлығы:		Максималды балл – 83	